Баспасөз хабарламасы
Астана қ., 10 қараша 2026 жыл

Батуми теңіз порты 2026 жылдың 10 айында жүк тасымалдау көлемін 13%-ға арттырды

2026 жылғы қаңтар-қазан айлары аралығында «ҚазТрансОйл» АҚ шетелдік активі – «Батуми теңіз порты» ЖШҚ (БТП) 6 млн 900 мың тонна жүкті тиеу арқылы 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 13%-ға жоғары нәтижеге қол жеткізді.

Оң динамикаға құрғақ, контейнерлік және паромдық жүктерді ауыстырып тиеу көлемінің артуы ықпал етті.

Атап айтқанда, есепті 10 айда БТП арқылы 1 млн 596 мың тонна құрғақ жүк ауыстырып тиелді. Бұл 2025 жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен 10%-ға жоғары.

Контейнерлік жүктерді ауыстырып тиеу көлемі 3 млн 264 мың тоннаны құрап, өткен жылдың көрсеткішінен 15%-ға артты.

Пароммен тасымалдау сегментінде де айтарлықтай өсім тіркелді, айталық, осы жылдың 10 айының қорытындысы бойынша бұл бағыттағы жүк ауыстырып тиеу көлемі 467 мың тоннаға жетіп, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 58%-ға өсті. Оң динамикаға, атап айтқанда, «Констанца – Батуми» қосымша желісінің ашылуы және «Варна – Батуми» бағытына тағы бір паромның пайдалануға берілуі ықпал етті.

Мұнай құю жүктерін ауыстырып тиеу көлемі 10 айда 1 млн 571 мың тоннаны құрап, 2025 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 3%-ға артты.

2026 жылғы қаңтар-қазан айларындағы қызмет нәтижелері Батуми теңіз портының қызметтеріне деген тұрақты сұранысты және оның Қара теңіз өңіріндегі көлік инфрақұрылымының маңызды буыны ретіндегі позициясының нығайғанын көрсетеді. Бұл Азия мен Еуропа арасындағы жүк ағынының ұлғаюы, жеткізу географиясының кеңеюі және Орта дәліздің қарқынды дамуы аясында жүзеге асуда.

«ҚазТрансОйл» АҚ Грузиядағы өндірістік активтерге «Батуми мұнай терминалы» ЖШҚ (БМТ) арқылы тікелей иелік етіп, басқаруды жүзеге асырады. БТП «Батуми теңіз порты» ЖШҚ-ның 100 пайыздық үлесін басқаруға айрықша құқыққа ие.

«ҚазТрансОйл» АҚ
жұртшылықпен байланыс
және ішкі коммуникациялар басқармасы